

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

Күнтізбелік тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі

Анықтама

Тексерудің мақсаты: КТЖ да үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы)

Жауапты: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Меирбаева А, Садуақасова Г, Ногаева А

Тексеру мерзімі: 1-10.09 қыркүйек 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарына сәйкес 2023 жылдың қыркүйек айының 1-10-ы күндері аралығында мектептің барлық мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ұзақ мерзімді жоспарлары тексерілді. Тексеру төмендегі комиссия құрамымен өткізілді.

1. Меирбаева А А - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Садуақасова Г С –директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Ногаева А К - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4. Баласаева Б – «Зерде» қазақ тілі мен әдебиеті әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
4. Ахметжанова А – «Полиглот» ағылшын тілі әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
5. Жумагулова Г О -АлгорИФМ әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
6. Марданова Ж –«Шежіре» тарих және қоғамдық пәндер әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
7. Джанкенова М С – «Жаратылыстану» пәндер әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
8. Сейполданова Р Т - «Өнер» әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
9. Калымова Х - «Болашақ» бастауыш сыныбы әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
10. Кажаева Н – «Эрудит» орыс тілі мен әдебиеті әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
11. Акшالова А – «Ұлан» дене шынықтыру, АӘД пәндер әдістеме бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі

Тексеру нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары 2023-2024 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып құрғаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде құрылған.

Төмендегідей құжаттармен жұмыс жасалып, басшылыққа алынған:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы); –«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); – «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы); – «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы); – «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы); – «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы); – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы)

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі 11 - ҮОЖ) сәйкес жүргізіледі (өзгерістер мен толықтырулармен). Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі. Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен: - әр сыныпқа жеке-жеке; - параллель сыныптарға; - мектеп бойынша Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдай алады. Күтпеген жағдайларға байланысты оқу апталарын қысқарту кезінде оқыту мақсаттарын оқу материалдарының күрделілігін және білімдегі олқылықтарды талдауды ескере отырып, оларды интеграциялау арқылы оңтайландыру қажет.

2023-2024 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі: Оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныбында, 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - 2024 жылдың 25 мамыры.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы пән мұғалімдеріне нұсқау берілді. Пән мұғалімдері әдістеме бірлестік отырысына қатысып, нұсқаулықтар алды. Әдістеме бірлестік жетекшілерінің ұйымдастыруымен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жоспарлауда әдістемелік бірлестік отырыстары өткізіліп, бағдарламалар мен жоспарлары қаралып, талқыланды.

1-11-сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құруда "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29326 болып тіркелген негізге алынды.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылған. Бірақ, кейбір жоспарларда кемшіліктер де кездесті. (сабақ мерзімінің қате немесе уақытылы қойылмауы). Ауызша айтылған ескерулерден кейін кемшіліктер түзетілді.

Тексеру нәтижесіндегі қорытынды:

1. Барлық мұғалімдер уақытылы жоспарларын өткізді.
2. Жалпы мұғалімдердің жоспарлары белгіленген бөлімдерге сәйкес жасалған. Бөлімдері анықталып, бөлінген. Сағат саны сәйкесінше бөлінген.
3. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған жоспарлар бір жылға әр сыныпқа жеке-жеке жоспарланған (Параллель сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерде екі сыныпқа бір жоспар құрылған)
4. Үй тапсырмаларын жоспарлауда, тоқсанның соңғы сабағында, бақылау жұмыстарынан кейін үй тапсырмалары берілмеуі ескерілген.
5. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылатын сыныптарда әр бөлімнен кейін жиынтық бағалау жоспарланған. Тоқсан соңында тоқсандық жиынтық бағалау жоспарланған.

Ұсыныс:

1. Қателік жіберген мұғалімдер жіберілген кемшіліктерімен жұмыс жүргізіп, 15. 09 күнге дейін түзетілу енгізісін.
2. Іс-тәжірибе бөлісу мақсатында жыл бойында өткізетін ашық сабақтар мерзімін анықтасын.
3. Түсінік хатқа міндетті түрде күтілетін нәтижесі енгізілсін.
4. Оқу мақсаты бөлімінде мақсаттардың қойылуын назарға алсын.
5. Белгіленген үлгі бойынша берілген бөлімдердің жоспарлануына назар аудару.
6. Сынып журналдарының, «Күнделік кз»-тің жоспарланған күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша толтырылуы қадағалансын.

«Абай атындағы орта мектебі»КММ
Сабақ жоспарларын талапқа сай жазылуын тексеру

Анықтама

Тексерудің мақсаты: Мектептің мектепалды даярлық, 1-11 сыныптардағы оқу процесіне ұсынылған бағдарламаға сәйкес дұрыс ұйымдастырылуын, сабақ жоспарын талапқа сай жүргізілуін бақылау. Оқыту мен оқу үдерісіндегі орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды құру, талдау, тиімді жолдарын айқындау.

Жауапты: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Меирбаева А, Садуақасова Г, Ногаева А

Негізге алынатын құжат:

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.

№1,2,3 қосымша бойынша нысандар алынды.

Барлығы 68 мұғалімнің сабақ жоспары тексерілді. 15 мұғалім электронды нұсқада ұсынды.

Сабақ жоспарлары оқу мақсаттарына сай құрылған. Әр педагог тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақ кезеңдеріне сай құрылған. Мұғалім әрекеті, оқушы әрекеті, ресурстар толық қаралған.

Жалпы педагогикалық қаумға толықтай сабақ жоспары туралы әдістемелік көмек берілді.

9-кесте - Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Бөлім		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Күні		
Сынып	Қатысушылардың саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		
Сабақтың мақсаттары		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақ – оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы. Мұғалімнің сабаққа әзірлігі, жоспарлауы

Сабақ – оқу процесінің шешуші буыны, сондықтан оқушылардың пән бойынша алған білімдерінің сапасы да ең алдымен әр сабақтың ғылыми-әдістемелік дәрежесіне және жалпы алғанда сабақтардың бүкіл жүйесіне байланысты.

Қазіргі заманғы сабақ – ол, ең алдымен мұғалім оқушының тұлғалық дамуына, оның ойлау қабілетінің жылдам өсуіне, білімді терең игеруіне, оның бойында адамгершілік негіздерін қалыптастыруды шебер қолданылатын оқу үрдісінің бір түрі.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы өзара байланысты екі кезеңнен тұрады:

Сабақтардың жоспарын дайындау

(әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастыру)

Тақырыптық жоспарын дайындау

(сабақтарды тақырып бойынша жоспарлау)

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы - аса жауапты іс.

Соған сәйкес мұғалімнің сабаққа әзірленуі барысында төмендегідей сұраққа жауап беруі керек:

1. Сабақтың мақсаты қандай?
2. Оқушылар қандай жаңа білімдер алуы қажет және олар практика жүзінде нені үйренеді?
3. Сабақта айтылатын ойдың бастысы қайсысы?
4. Бұл ойлар қандай жүйемен баяндалмақ?
5. Олар қандай жолмен негізделмек?
6. Қандай қорытындылар керек?
7. Сабақта қандай әдістер және көрнекті құралдар пайдаланылмақ?
8. Оқушылардың білімін тексеру үшін оларға қандай бақылау сұрақтарын беру керек?
9. Оқушылар алған білімдерін пысықтау және практикада қолдану мақсатында қандай жаттығулар беру керек?
10. Үй тапсырмасына нені беруге болады және оны қалай тапсыру керек.

Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қалыптасқан мұғалімнің жеке жоспарының үлгісі төмендегідей:

Сабақтың мақсаты.

Сабақтың құрылымы немесе дидактикалық кезеңдері.

Оқу бағдарламасының берілген тарауы бойынша сабақтың күні мен реттік саны анықталады.

Сабақтың тақырыбы.

Сабақ құралдары.

Үй тапсырмасы.

Оқыту әдіс-тәсілдері.

Сабақтың мазмұны.

Қорытынды, сабақтың аяқталуы.

Төмендегідей ұсыныстар берілді:

Ұсыныстар:

Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, білімдарлығына, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет.

Сабаққа мұқият дайындалу, оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесін ойластыру жұмысын әр бір мұғалім өзінің ең басты міндетім деп сезінуі тиіс.

Жас мұғалім сабақ жоспарын, конспектін толық жазу керек.

Күнделікті сабақ жоспары әр ұстазда болу қажет.

Дайын сабақ жоспарын пайдаланбай, талапқа сай, сабақ жоспарын ұстаз өзі құрасырып жазу қажет.

«Абай атындағы орта мектебі» КММ

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы

Мақсаты: Оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктеріне ескере отырып, білімдегі олқылықтарды толтыруды қамтамасыз ету

2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хаттың негізінде оқу жылының басында біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және жою бойынша жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Жұмыс жоспарының негізінде оқушылардың өткен оқу жылындағы алған білімдерін тексеру мақсатында 2-11 сыныптардың оқу пәндерінен 0-дік бақылау жұмыстары алынды. Алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша әр сыныптан білімінде олқылығы бар оқушылар анықталды. Әр пән мұғалімі оқушылардың өткен оқу жылындағы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарларын жасап, бекіттірді. Жұмыс жоспарлары бойынша қосымша сабақтар кестесі жасалып бекітілді, кестеге сәйкес білімінде олқылығы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«Абай атындағы орта мектебі» КММ

10-11 сыныптарда орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ тілі пәндерінің оқытылуын тексеру

Мақсаты: Оқушылардың ББД сапасын бақылау

2023 жылы қазан айында мектепшілік бақылау жоспарына сай 10-11 сыныптарда қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің оқытылуын тексеру жүргізілді. Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, қорытындысы шығарылды.

Сыныбы	Пәні	Сабақ беретін мұғалімі	Оқушы саны
10а	Қазақ тілі	Тусипова К	8
10а	Орыс тілі	Абилмажинова С	8
10а	Ағылшын тілі	Серікова Ж	8
10б	Қазақ тілі	Сабыржанова Д	8
10б	Орыс тілі	Кажаева Н	8
10б	Ағылшын тілі	Ахметжанова А	8
11а	Қазақ тілі	Сабыржанова Д	8
11а	Орыс тілі	Кажаева Н	8
11а	Ағылшын тілі	Шаяхметова А	8
11б	Қазақ тілі	Жунусова Ж	6
11б	Орыс тілі	Абилмажинова С	6
11б	Ағылшын тілі	Бейбіт Б	6

Пән мұғалімдері тілдік бірліктердің түрлі деңгейлердегі сипатын меңгерту; тілдің мәтін ішіндегі қолданысын игерту; мәтіннің тілдік және танымдық қызметтерін меңгерту; тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналық реңктерін ажырату мақсаттарында нәтижелі жұмыс жасаған.

Пән мұғалімдері өскелең ұрпақты ұлттық сөз өнерімен жүйелі таныстыра отырып, әдеби үдерістің бағыт-бағдарына өздігінен шолу жасай алуға, көркем шығарманы талдап, бағалай білуге үйрету және сол арқылы олардың бойына адамгершілік, отансүйгіштік және эстетикалық қасиеттерді сіңіруге бағыттай білген. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеттен пәндік олимпиадалар, интеллектуалды сайыстар мен қашықтан өткізілген түрлі конкурстарда жүлделі орындарды иеленді.

Орыс тілі пәнінен оқушылар жақсы білім деңгейін байқатып, мұғалімдер оқушылардың білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауын нәтижелі жүргізген.

Шетел тілін меңгерудің мотивациясын қалыптастыруды әкімшілік назарда ұстай отырып ағылшын тілі пәнінің оқытылуына талдау жасады

Пәнді меңгеруде мұғалімдер ағылшын тілінен оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігі мен қажеттілік деңгейінде пікірлесу дағдыларын қалыптастыруда тиімді оқыту жолдарын таңдай білген. Толық қатысып, саралану алдағы уақытта жалғаын табады.

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

Халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстары; Сыртқы бағалау критерийлері бойынша білім беру нәтижелерінің деңгейі (ББЖМ, PISA, PBTS, (PISA-based Test for Schools), TIMSS, PIRLS, ICILS, ҰБТ)

Мақсаты: Оқушылардың зерттеу бағыттары, қабілеттері мен зерттеу кезеңдері туралы ақпараттар жинау, мұғалімдердің зерттеушілік бағытындағы құжаттарын зерделеу

PISA халықаралық зерттеуінің мақсаты – мектептің білім беру тиімділігін, 15 жастағы оқушылардың математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылықтарынан оқу жетістіктерін салыстырмалы бағалау арқылы анықтау.

Оқушының білімін қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік түрлері :

1.Ақпараттық құзыреттілік: Өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, түсіндіруге және ақпаратты тасымалдауды, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2.Коммуникативтік құзыреттілік: Нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға мүмкіндік береді.

3.Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі: Әр түрлі жағдайда проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік туғызады.

2023-2024 оқу жылының 1 қыркүйегінде 4,9 сыныптар арасында PIRLS, PISA, TIMSS халықаралық зерттеуіне дайындық жұмыстары жүргізілуде:

1. Оқушылардың тізімі құрастырылды.
2. Жұмыс жоспары жасалынды.
3. Пәндер бойынша дайындық жұмыс жүргізетін мұғалімдер анықталды.

Осы жоспар бойынша әр пән мұғалімдері жоспарларын құрып, дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Биылғы оқу жылында 9 сыныптар бойынша 2 сынып, 4 сыныптар бойынша 3 сынып бекітілген.

9а сыныбы -21 оқушы.

9б сыныбында -22 оқушы.

4а сыныбында -22 оқушы

4б сыныбында -18 оқушы

4в сыныбында -19 оқушы

Қосымша 5-8 сынып оқушыларында PISA халықаралық зерттеуіне дайындаудамыз.

Пән мұғалімдері әр сабақ сайын КМЖ сабақ жоспарларында қайталау және қорытынды бөлімдерінде PISA халықаралық зерттеуіне логикалық сұрақтар мен тапсырмалар береді.

Сабақ сайын интернет ресурстарымен жұмыс жасайды. Мысалы: Білім ланд сайтының ресурстары pisa тапсырмалары, testter.kz басқа да сайттармен жұмыс істеуде. Төменгі нәтижелермен жұмыс жасалып, жоспар жасалды.

Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімінің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Қорыта айтқанда, бақылау үзігі нәтижесін саралай келе, алдағы уақытта сапа көрсеткішін көтеру мақсатындағы жұмыс жалғасын таппақ.

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі

Мақсаты: Педагогтарды аттестаттауды уақтылы және нәтижелі болу үшін құжаттарының дайындық деңгейін анықтау

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31490 болып тіркелді.

"Педагогтарды аттестаттау" ақпараттық стендінде келесі ақпарат орналастырылған: ағымдағы оқу жылына арналған аттестаттаудан өту жоспары, өткен жылға педагогтарды аттестаттаудан өткізу нәтижелері, біліктілік талаптары, МДҰ педагогтерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер, педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу туралы ереже, аттестаттауға өтінішті ресімдеу мысалдары, атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттаудан өту нысандары. Нормативтік құжаттардың тізімі және оларды орналастыру орны бар.

Аттестациядан өткізу бойынша мектеп директорының бұйрығымен комиссия құрамы, сараптамалық топ құрамы бекітілген.

Аттестациядан өту бойынша педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу жоспары құрылды.

Аттестаттауды ұйымдастыру жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Педагог кадрларды аттестаттау жеткілікті жоғары деңгейде тұрақты өтеді, педагогтердің кәсібилігін арттыруға ықпал етеді. 2023-2024 оқу жылында педагогтарды аттестаттауды уақтылы және нәтижелі болу үшін құжаттарының дайындық деңгейін анықтау үшін тізім құралды. Толтыру қажет база алдағы уақытта анықталса, педагогтар құжаттарын дайындауда.

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

7-9 сыныптарда тарих, география, биология пәндерінің оқытылу сапасын зерделеу

Мақсаты: Оқушылардың ББД сапасын бақылау

2-4 сыныптарда математика пәнінің оқытылуы

Мақсаты: *Оқушылардың ББД сапасын бақылау*

1-сыныпта әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері,

2- сыныптарда ана тілінің оқытылу сапасы.

Мақсаты: Оқушылардың Әліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

Мұғалімнің әдістемелік деңгейі

Мақсаты: Пән мұғалімдерінің құжаттарын ОМЖ және ҚМЖ құжаттарын сапасын тексеру Құжаттарды зерделеу

Бақылау негізі: ОМЖ және ҚМЖ

Бақылаудың мақсаты: оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, оқу жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау

Бақылау объектілері: пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

Тексеру мерзімі: 2023 жылғы 25-29 қыркүйек.

Бақылау

нәтижелері:

Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2023-2024 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 25 қыркүйек пен 29 қыркүйек аралығында пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға тексеру жүргізілді. орындалған. Бұған дейін пән мұғалімдеріне күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға, ОМЖ, ҚМЖ қойылатын талаптар туралы ұсыныстар берілген. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда, ОМЖ, ҚМЖ мыналар көрсетілуі керек: пән, сынып, сағат саны (жылдық, апталық, тоқсандық, сабақ саны, оқушылардың білімін бақылау сабақтарының саны және олардың түрлері: бақылау жұмысы, бақылау диктанты, бақылау алдау, сөздік диктанты, есептер, рефераттар, практикалық және зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, бақылау жұмыстары, пайдаланылған әдістемелік әдебиеттер, СӨЖ, СОХ. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарлау мектептің барлық мұғалімдерімен түсіндірме жазбаларымен құрастырылады.

Тексеру кезінде мұғалімдердің барлық күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауы қамтамасыз етілді.

Тексеру көрсеткендей, жоспарлауды құру кезінде мұғалімдер мыналарды пайдаланды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған оқу бағдарламалары;

- тиісті пән бойынша дәрекі тақырыптық жоспарлау;

- 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп бағдарламасы;

Барлық пән мұғалімдері негізгі аталған талаптарды қанағаттандыратын вариативті бөлімнің сағаттарының тақырыптық кестелері мен жұмыс бағдарламаларын тексерді. Барлық күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда түсіндірме жазба, бақылау бөлімдерін өткізудің болжамды мерзімдері болады. Түсіндірме жазбалар субъект жұмысының өзектілігін көрсетеді, алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттері нақты тұжырымдалған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, ОМЖ, ҚМЖ оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелік жағынан дұрыс құрастырылған, бірақ жекелеген мұғалімдерде

аздаған кемшіліктері бар. Бірақ ауызша пікірлерден кейін барлық кемшіліктер түзетілді.

Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:

1. Барлық мұғалімдер жұмыс бағдарламаларын уақытылы тексеруге тапсырды.

2. Негізінен мұғалімдер жұмыс бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, қабылдау және бекіту тәртібіне, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды дайындауға қойылатын талаптарды сақтайды. Оқу-тақырыптық жоспарлауда мұғалімдер бағдарламаның тараулары мен тақырыптарын оқу ретін ашып көрсетеді, оқу сағаттарын тараулар мен тақырыптар бойынша бөлу оқу жүктемесінің максималды көлеміне қарай жүзеге асырылады.

Мұғалімдердің жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жыл бойына ашық тақырыптық сабақтарды ойластырып, жоспарлау.

Ұсыныстар:

1. Жұмыс бағдарламалары бойынша түсініктеме алған мұғалімдер кемшіліктерді түзетеді.

2. «Күнделік» КЗ қатаң түрде тақырыптық жоспарлауға сәйкес толтырылсын.

3. Қажет болған жағдайда жұмыс бағдарламаларында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды бағдарламада міндетті белгі қою арқылы түзетуді жүзеге асыру.

Бақылауды жүргізген: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Г. Садуақасова

А. Меирбаева

«Абай атындағы орта мектебі»КММ Мұғалімнің әдістемелік деңгейі

Мақсаты: Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану деңгейін анықтау ҚМЖ бөлімін сәйкестігі


2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Осы бағдарлама аясында отандық білім беру жүйесін жаңартуға да көңіл бөлінуде. Қазіргі қоғамға жаңа буын мұғалімі қажет. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мұғалім туралы түсініктердің өзгеруін негіздейді, жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастар жағдайында олардың кәсіби қызметті орындауға дайындығы туралы жаңа түсініктерді қалыптастырады. Екінші жағынан, жалпы білім беру мекемелері жаңа типтегі мұғалімдерді – жалпы адамзаттық құндылықтардың тасымалдаушыларын, жас ұрпақтарда адамгершілік пен гуманизмді қалыптастыру факторын талап етеді. Олар болашақ ұрпақта көп мәдениетті ортада өмір сүру және білім алу қабілеттерін дамытуға қабілетті болуы керек, ал бүгінде ең бастысы – ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін өз мақсаттары үшін пайдалану мүмкіндігі.

Бүгінде цифрлық технологиялар қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылады. Олардың көмегімен құжаттаманы жүргізу, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу жүзеге асырылады, электрондық поштаны жіберу және деректер банктерімен байланыс қамтамасыз етіледі. Сандық технологиялар кең ауқымды міндеттерді орындау үшін қолданылады. Мұның бәрі оқытудың маңызды нәтижелері және сәтті кәсіби қызметтің шарты ақпараттық құзыреттілік болып табылады деп айтуға негіз береді.


«Абай атындағы орта мектебі» КММ-де 75 педагог қызмет етеді. Цифрлы электронды білім беру ресурстарын ұжымдағы педагогтардың 97,6 % тиімді деп санайды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Білім беруді тұрақты дамыту қорымен бірлесіп «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында материалдық-техникалық базамен жабдықталған тірек мектебі болып басталды. Алдағы уақытта цифрлық ресурстар пайдалану тиімділігі артады



Және педагогтардың 92 пайызы өздерінің іс – тәжірибелерінде түрлі электронды платформаларды қажеттіліктеріне қарай шеберлікпен қолданып жүр. Оның ішінде 65% пайыз педагог үнемі қолданатын болса, 30% пайызы сирек қолданады, ал 5% цифрлы білім беру ресурстарын қолдануды қажет етпейді.

Жалпы ұжымнан цифрлық білім беру платформаларының қолданылуы туралы сауалнама алынған еді. Сауалнама нәтижесі бойынша ең көп қолданылатыны bilimland.kz білім беру платформасы. Жалпы оқу үдерісінде қажеттіліктеріне қарай платформаның басқа да көптеген түрлерін қолданыста екенін мына диаграммадан байқап отырсыздар. Осы орайда түрлі платформаларда сабаққа керекті ресурстарды жасап, тиімді қолданып жатқан педагогтардың цифрлы құзіреттіліктерінің артып жатқаны да қуантарлық жайт



Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялардың рөлі бірнеше есе өсті. Біздің қоғам ақпараттық технологиялардың барлық әлеуметтік, өндірістік және ғылыми салаларға енуін қамтитын жалпы тарихи процеске-ақпараттандыруға тартылды. Бұл процестер ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге және қоғамның жаңа ақпараттық ортасын құруға ықпал етеді.

«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Терминдер мен анықтамалар» стандартында электрондық білім беру ресурсының осындай анықтамасы енгізіледі: «Электрондық білім беру ресурсы (electronic learning resource) цифрлық нысанда ұсынылған және құрылымын, пәндік мазмұнын және олар туралы метадеректерді, сондай-ақ оған қажетті деректерді, ақпаратты, бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын білім беру ресурсы деп түсініледі оқу процесінде қолдану».

Электрондық білім беру ресурстарының ұсынылған анықтамаларына, АКТ құралдарының мүмкіндіктеріне сүйене отырып, зерттеуде біз электронды білім беру ресурстары деп электронды түрде сақталатын және берілетін, АКТ құралдарымен жасалатын және жаңғыртылатын, келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған оқу материалдарын түсінеміз: мультимедиа технологиясы құралдарын тарта отырып, оқу ақпаратын ұсыну; интерактивті өзара іс-қимыл кезінде пайдаланушымен кері байланысты жүзеге асыру; оқыту нәтижелерін бақылау және оқуда ілгерілеу; оқу-тәрбие процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету және оқу орнын ұйымдастырушылық басқару процестерін автоматтандыру.

2023-2024 оқу жылында «Bilim Foundation» корпоративтік қорымен OnlineMektep BilimLand оқу платформасы бойынша келісім-шартқа отырды. 2023 жылғы қаңтарда N 9 келісім шарт 580 000 теңгені құрады. Мектеп бірнеше жылдан бері осы платформада жұмыс істейді. Мұғалімдердің 100 пайызы осы

платформаға тіркелген. OnlineMekter – барлық оқу пәндеріне арналған цифрлық білім беру мазмұны. Сондай-ақ ҰБТ-ға дайындалуға арналған бейне сабақтар, биология, химия, физика пәндері бойынша виртуалды зертхана бар. Пән мұғалімдері OnlineMekter сабақтарын жоспарлайды кестеге енгізеді, оқушылар сабақта да, үйде де тапсырмаларды өз бетінше пысықтап, орындайды. Оқушылар тақырыптардың қысқа және нақты түйіндемелерін, қызықты тапсырмаларды және тесттерді ұнатады. Мұғалімдер де дайын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын пайдаланады.

Пән атауы	Сыныбы	Сабақ тақырыптары	Мұғалімнің аты-жөні
Алгебра	10	«Туындыны табу ережелері»	Шұбанханова Қ
Қазақ тілі	6	«Тарих қойнауында»	Ногаева А
Қазақ әдебиеті	8а	Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік -Кебек» дастаны	Ақыбева Н

Сондай-ақ OnlineMekter платформасында қазақ және орыс тілдерінде бастауыш сыныптарға арналған түрлі-түсті, тартымды білім беретін сабақтар бар. Өртүрлі қосымша,элективті курстар және бірегей оқу бейне ресурстары да бар.

Мұғалімдер сабақта OnlineMekter - BilimLand платформасынан басқа Lessen kundelik сабақтарын, LearningsApp ресурстарын және т.б.пайдаланды.

Оқулықтар тек оқушыларға ғана берілетіндіктен, мектеп мұғалімдері Okulyk.kz сайтындағы онлайн электронды оқулықтарды (цифрлық нұсқасы) пайдаланады. Оқулықтарды кез келген баспадан көруге, зерттеуге, салыстыруға және жүктепалуға болады.

Интерактивті ресурстарды тиімді пайдалану үшін интернет жылдамдығы жоғары болуы керек. Интернет жылдамдығын арттыру үшін «Қазақтелеком» АҚ-мен 2023 жылғы 30 қазандағы № 112 келісім-шарт 329 970 теңгеге жасалды. Қазіргі таңда мектепте 1 модемдік роутер орнатылып жатыр. Шарт бойынша интернет жылдамдығы 60 Мбит/с.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану деңгейін анықтау ҚМЖ бөлімін сәйкестігі анықталды. Жалпы педагогтар ҚМЖ бойынша АКТ қолдану жазылады. Барлық пәндерде интерактивті тақталар болмаған соң, кейбірі ноутбук, аудио жазбалар қолдануда. Алдағы уақытта «Ауыл жобасы» аясында материалдық-техникалық базаны арттыруда жұмыс жүйесі арттыру қажет.

ДОІЖО

А Меирбаева
Г Садуакасова

«Абай атындағы орта мектебі»КММ **Мұғалімнің әдістемелік деңгейі**

Мақсаты: Оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау

ҚМЖ: барлығы да оқу мақсаттарынан туындайды.

Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады. Бұл туралы әр пәннің оқу бағдарламаларында былайша жазылған: «Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады» (2, 6). Осыған орай оқу мақсаттарын мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант деп түсінген орынды. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы (ҰМЖ) негізінде құрастырылған күнтізбелік-тақырыптық жоспардан алынады. Оқушылардың барлығы да оқу мақсаттарына жетуі міндет. Сондықтан мұғалімнің шешімі бойынша оқу мақсаттары бір немесе бірнеше сабақта қарастырылуы мүмкін.

Оқу мақсаттарын сабақ мақсаттарына айналдыру

Сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде (45 минуттан кейін) үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаты оқушының сабақта (45 минут барысында) не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде (сабақ соңында) не үйренетіндігіне болжау жасайды. Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді.

Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды (оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін) таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс (алайда барлығы да мұнда КТЖ-ға байланысты: күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады). Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады.

Мысал келтірейік. 1-сынып математикасының «Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі» 3.1 бөлімшесі бойынша келтірілген «1.3.1.1. Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау» деген оқу мақсатын тура сол қалпында қайталамай, оқушының оқу нәтижелері тұрғысынан түрлендіріп, ықшамдап, былайша сабақ мақсаты етіп келтіруге болады: «Оқушылар геометриялық фигураларды (нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар) атай алып, бір бірінен ажыратады, суретін салады». Алынбаған «кесінді», «сәуле», «бұрыш» ұғымдарын келесі сабақта қарастыруға болады.

Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептелінеді. Алайда сабақ мақсаттарын саралап көрсету міндетті болып

саналмайды. Дегенмен оларды көрсету оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретіндігін ұмытпауымыз да керек.

«Оқушылардың басым бөлігі» мен «кейбір оқушылардың» сабақта қандай нәтижеге жететіндігін көрсету-көрсетпеуді әрбір мектеп өздігімен шешу керек деп ойлаймын. Ол үшін мектепте ҚМЖ құрастыру мәселесі жан-жақты талқыланып, содан кейін «ҚМЖ құрастыру ережесі» қабылданып, ереже педагогикалық кеңесте бекітілсе, бүкіл мектептің бір сарын мен ыңғайда жұмыс жасауы үшін жағдай жасалынатындығы хақ.

Бұл ережеде «Сабақ мақсаттарында тек «Барлық оқушылар» бөлімі міндетті болып, «Оқушылардың басым бөлігі» мен «Кейбір оқушылар» бөлімі міндетті емес: оларды жазу-жазбауды мұғалімнің өзі шешеді» деп жазылса, мұғалімдер үшін сабақ мақсаттарын құрастыру сатылап, біртіндеп жүзеге асырылар еді: алдымен олар «Барлық оқушылар» бөлімінде не жазу керектігін толығымен үйреніп, содан кейін ақырындап «Оқушылардың басым бөлігі» мен «Кейбір оқушылар» бөлімдерін құрастыруға кірісер еді.

Әйтпесе, біз бүгін нендей жағдай көріп жүрміз? Мұғалімдерге «Барлық оқушылар» бөлімінің өзі қиынға тиіп жүргенін байқаймын. Мысал үшін мұғалімдердің маған жіберген ҚМЖ-да оқу мақсаттарын қалайша сабақ мақсаттарына қалай айналдырылғанына тоқталып кетейін. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «5.1.1.1 - Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» деген оқу мақсатын бір мектептегі әріптесіміз (нақтылап атамай-ақ қояйын, өйткені ол маңызды емес қой) сабақ мақсаттарына былайша аударыпты:

«Барлық оқушылар: Повесті оқып, сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды. Оқушылардың басым бөлігі: Мәтін мазмұны мен идеясына сүйене отырып, оқиға желісі бойынша өзіндік көзқарасын білдіреді. Кейбір оқушылар: Повестегі кейіпкер бейнесін ашып, кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады».

Бұл жерде қандай қателер жіберілген? Біріншіден, оқу мақсаты барлық оқушылар үшін міндетті болатындықтан оны былайша түрлендіру керек еді: «Барлық оқушылар Б.Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алады». «Сипаттау» тапсырмасы «Білу және түсіну» деңгейінде, сондықтан да барлық оқушыларға талдау тапсырмасын («сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды») ұсынуға болмайды. Бұған қоса оқу мақсаты оқушылардың повесть мәтінін білетіндігін меңзейді, сондықтан да сабақта оқушыларға мәтінді оқу (Оқылым) тапсырмасын беруге болмас. Үшіншіден, оқу мақсаты «Білу және түсіну» деңгейінде, сондықтан да оқушылардың басым бөлігі мен кейбір оқушылардың оқу нәтижелері «Қолдану» немесе ойлаудың жоғарғы деңгейлерінде болу керек. Ал мұнда олар негізінен сол «Білу және түсіну» деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды: «өзіндік көзқарасын білдіреді», «кейіпкер бейнесін ашады». Тек «кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады» нәтижесі ғана дұрыс келтірілген.

Төртіншіден, барлық оқушылар «Повесті оқып, сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды» тапсырмасын орындауда делік. Онда оқушылардың басым бөлігі «Мәтін мазмұны мен идеясына сүйене отырып, оқиға желісі бойынша өзіндік көзқарасын білдіреді», ал кейбір оқушылар «Повестегі кейіпкер бейнесін ашып, кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады» тапсырмаларын қалайша орындайды?

Оқушыларды 3 топқа бөлу керек пе ол үшін? Ал топтардың тапсырмаларды қалай орындағанын қалай білеміз? Бір топ өздерінің жұмыс нәтижелерін туралы сөйлегенде, қалған топтар оларды түсіне қояр ма екен, өйткені олар тіпті де басқа тапсырма орындады пе?

Тағы да бір мысал. Химия пәні. «7.1.2.12 - химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу» деген оқу мақсаты сабақ мақсаттарына былайша айналдырылған: «Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: химиялық қосылыстың валенттілік бойынша формуласын құрады. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: формула бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептейді», ал кейбір оқушылардың оқу нәтижелері көрсетілмепті. Шынтуайтқа келгенде, сабақ мақсаты барлық оқушылар үшін мынандай болуы керек еді: «Оқушылардың барлығы химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептей алады». Бұл әрекет – «Қолдану» деңгейінде, демек оқушылардың көбісі мен кейбіреулері «Ойлаудың жоғарғы деңгейлеріндегі» әрекеттермен шұғылдануы керек, яғни не «Талдау» («Шығарған есептерді қалай шығарғанын талдап береді»), не «Жинақтау» («Жаңа есептер құрастырады»), не «Бағалау» (есептерді шығарудың ең тиімді 3 жолын таңдап, оларды дәлелдеп береді). Биология пәнінде «8.1.5.1 - адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау» деген оқу мақсаты сабақ мақсатына былайша түрлендірілген: «Барлық оқушылар: Адамның зәр шығару мүшелерін атайды. Оқушылардың басым бөлігі: Адамның зәр шығару мүшелерінің құрылысын біледі. Кейбір оқушылар: Зәр шығару мүшелерінің құрылысы мен қызметін толық талдайды». Мұнда барлық оқушылардың оқу нәтижесі оқу мақсатына сәйкес «Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттай алады» болуы тиіс. Кейбірі оқушылардың оқу нәтижесі жақсырақ құрастырылған, алайда мұнда да «толық талдайды» деген тіркесті түсіндіріп кеткен жөн болар еді.

Сонымен сабақ мақсаттарын саралауда не жазу керек? Барлық оқушылар. Мұнда негізінен оқу мақсаттары қайталанатын. Әрине, тура сол қалпында емес, өйткені оқу мақсаты ҰМЖ-на сәйкес бір емес бірнеше сабаққа жоспарланған болуы ықтимал, сол себепті бұл сабақта оның тек бір бөлігі ғана (бір мәселесі, сұрағы, аспектісі) көрініс табуы мүмкін. Оқушылардың 100% қол жеткізуі керек болғандықтан мұғалім мұнда барлық оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеруі керек. Оқушылардың басым бөлігі (ҚМЖ-да бұны көрсетпесе де болады). Мұнда оқу нәтижелері оқушылардың оқу қабілеттеріне қарай күрделендіріледі. Мысалы, оқу мақсаттары «Білу және түсіну» деңгейінде болса, онда оқушылардың басым бөлігі бұған қоса «Қолдану» немесе «Ойлаудың жоғарғы деңгейлеріндегі» мақсаттарға қол жеткізуі керек. Кейбір оқушылар (ҚМЖ-да бұны көрсетпесе де болады). Оқу мақсаттары мен оқушылардың басым бөлігі үшін белгіленген мақсаттармен бірге шығармашылық және зерттеушілік дағдыларды дамытатын мақсаттарды нақтылау: мәселен, «Талдау», «Жинақтау» немесе «Бағалау» деңгейлерінде. Сабақ мақсаттарынан бағалау критерийлері туындайды. Бағалау критерийлерінің синонимдері «жетістік критерийлері», «табыс критерийлері», «күтілетін нәтиже»: кей сабақ жоспарларында оларды осылайша атайды. Бағалау критерийлерін «Оқушылардың оқу мақсатына жеткендігінің, үйренгендігінің дәлелі не болмақ? Оқушылардың үйренгенін қандай нәтижеден көреміз? Оқушылар не жасай алса, олардың сабақ мақсаттарына жеткендігін көруге болады?» деген сұрақтарға

жауап беру арқылы айқындау қажет. «Бағалау критерийлері – мұғалім мен оқушыға қалыптастырушы бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін тұжырым (табыс критерийі)» (3).

Бағалау критерийлері сабақ мақсаттарымен тығыз байланысты және солардан туындайды. Ал сабақ мақсаттарының өз кезегінде оқу мақсаттарынан туындайтындығын ұмытпаған абзал.

Мұнда мына мәселеге назар аудару керек. Бағалау критерийлері бірінші кезекте оқушылардың сабақ мақсаттарына емес, оқу мақсаттарына жеткен-жетпегендігін өлшеуі керек, яғни бұл жерде барлық оқушылардың үйрену нәтижелері қарастырылады. Яғни, бағалау критерийлері үшін «оқушылардың басым бөлігі» не «оқушылардың кейбіреулері» деген ұғымдар аса маңызды емес, мұнда тек барлық оқушылардың әрекеттерін ғана көрсету керек.

Мысал келтірейік. Жоғарыда қарастырылған «5.1.1.1 - Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» деген оқу мақсатын «Барлық оқушылар Б.Сокпақбаевтың «Менің атым - Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алады» деп сабақ мақсатына айналдырамыз. Бұл – оқушылардың 40 минутта не үйрену керектігін көрсететін шама.

Енді оқушылардың «Менің атым - Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алатындығын қайдан көреміз? Оның дәлелі қандай болмақ? Сабақта қолдануға қажетті тілдік дағдылар «Айтылым» мен «Жазылым», ал ойлау деңгейі «Білу және түсіну» екендігін ұмытпалық. Осыған сәйкес бағалау критерийлерін (күтілетін нәтижелерді) былай құрастыруға болады:

1. Оқушылар повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атайды.
2. Повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіреді.
3. Повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттайды (Бұл бағалау критерийін былай да келтірсе болады: «Повестің кемінде 3 негізгі оқиғалары мен 3 кейіпкерлерін 2 минутта сипаттап береді»).

Осы әрекеттерді жасай алғанда ғана, орындай алғанда ғана оқушылардың сабақ мақсатына жеткендігін мойындауға болады. Бұл әрекеттер – олардың үйренгендігінің дәлелдері.

Оқушылар повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атай алса, біз олардың повестің жанрлық ерекшеліктерін біледі деп шешеміз. Оқушылар повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтірсе, олар повестің фабуласын сипаттай алатындығын дәлелдейді. Ал егерде олар повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттап бересе, олар повестің сюжеттік дамуын сипаттай алатындығын көрсетеді.

«Бағалау критерийлері - оқушының үйренгендігінің дәлелі» деген осы. Оқу мақсаттары сабақ мақсаттарының қандай болу керектігін міндеттейді. Сабақ мақсаттары бағалау критерийлерінің қандай болу керектігін айқындайды. Ал бағалау критерийлері тапсырмалардың қандай болу керектігін көрсетеді.

Олай болса, бұл сабақта оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар мынандай болу керек:

1. Повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атаңыздар (Айтылым).
2. Повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіріңіздер (Жазылым).
3. Повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттаңыздар (Айтылым).

Осыған орай мұғалім сабақта оқушыларға осы 3 тапсырманы орындауды ұсынады. Немесе бірінші және екінші тапсырмаларды біріктіріп, «Повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атап, фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіріңіздер» деп те беруіне болады.

Ал екінші тапсырма сол қалпында қалады. Енді мұғалім тек осы тапсырмаларға дескрипторлар құрастыруы керек. Екінші мысал. Жоғарыдағы «7.1.2.12 - химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу» деген оқу мақсатын сабақ мақсатына былай айналдыруға болады: «Оқушылардың барлығы химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептей алады» (ойлаудың «Қолдану» деңгейі).

Бұл мақсаттың бағалау критерийін былайша келтіруге болады: «Оқушылар 10 минут ішінде химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеуге берілген 8 есептің кемінде 4-ін шығара алады» («Қолдану»). Яғни, оқушылардың барлығы осы тапсырманы орындағанда ғана олардың сабақ мақсатына (және де оқу мақсатына да) жеткендігін көруге болады (мен химик емеспін, сондықтан да мұнда уақыт пен есептер санын мөлшерлеп бердім).

Бұл бағалау критерийіне сәйкес оқушылар бұл сабақта тек химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеуге берілген есептерді шығарумен айналысады. Алдымен топпен не жұппен. Оларға осындай 1-2 тапсырма беру керек. Бірақ сабақтың соңына таман оларға жеке орындайтын тапсырманың берілуі мүмкін: «Сіздерге әрқайсыңызға жеке 8 (немесе 4, немесе 6 – сынып деңгейіне, тапсырманың күрделігіне қарап, оны мұғалімнің өзі шешер) есеп беремін. 10 минут (немесе 8, не 5 минут) ішінде солардың кемінде 4-ін (не бесеуін, не үшеуін, не екеуін) шығаруларыңыз керек».

Әрине, тапсырма орындалар алдында оның мақсаты мен критерилерін (бар болса) және де дескрипторларын оқушылармен талдап алған орынды (топта, жұппен не сыныппен). Сонда оқушылар тапсырманы табысты түрде орындайды. Ал тапсырма орындалғаннан кейін оның орындалу сапасын талқылаған орынды (топ, жұп не сынып), оқушылардың өзін-өзі не бірін-бірі бағалағаны дұрыс. Талқылау барысында жетістіктер, кедергілер мен оларды жеңу жолдарын айқындаған абзал.

Тағы да бір мысал. «8.1.5.1 - адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау» деген оқу мақсатын сабақ мақсатына былайша түрлендірген жөн: «Барлық оқушылар адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттай алады» («Білу және түсіну»).

Бұл сабақ мақсатынан мынандай бағалау критерийлерін шығаруға болады:

1. Оқушылар адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің кемінде бесеуінің құрылысын суретте көрсетіп, 2 минут ішінде сипаттай алады.

2. Оқушылар адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің кемінде бесеуінің қызметін 2 минут ішінде сипаттай алады.

Демек, сабақтағы тапсырмалар да осы екі критерийден туындайды:

1-тапсырма. Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің кемінде бесеуінің құрылысын суретте көрсетіп, 2 минут ішінде сипаттаңыздар».

2-тапсырма. Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің кемінде бесеуінің қызметін 2 минут ішінде сипаттаңыздар».

Мұғалім осы 2 тапсырмаға критерийлер құрастыруы керек. Байқап отырғаныңыздай, сабақ мақсаты қандай болу керектігін оқу мақсаты айқындап

беріп тұрады. Сабақ мақсаттары өз кезегінде бағалау критерийлерін айқындайды. Ал бағалау критерийлері сабақта оқушыларға қандай тапсырмаларды ұсыну керектігін анықтайды. Мұғалім тек тапсырмаларға дескрипторларды ғана құрастыруы керек. ҚМЖ құрастыру - оп-оңай шаруа. Тек оқу мақсаттарына барлығы сай болу керек.

Жалпы бастауыш сыныптар бойынша 15 мұғалімнің сабағына қатысуда оқу мақсаттары мен ҚМЖ сәйкестігі бақыланды. Жалпы ҚМЖ құрылымында мақсатқа әдіс-тәсілдер сәйкес жасалған. 2г сыныбы Н Тілеубек, 2в сыныбы Е Мұратбекова, 3б сыныбы С Сыдыкова сабақ жоспарлары бойынша ҚМЖ мақсатқа сай жасау ұсынылды.

ДОҒЖО

А Меирбаева
Г Садуакасова
А Ногаева

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау журналын, жұмыстарын тексеру

Мақсаты: Дене шынықтыру, көркем еңбек, химия, физика, биология, информатика, робототехника, мультимедия, АӘД кабинеттері және үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру.

Пән мұғалімі	ТҚЕ журналы	Журналдың жүргізілуі
Бактияров Е		
Искаков Е		
Косын К		
Қадыр А		
Акшалова А		
Аканов А		
Назиров М		
Оралбеков Е		
Мыскенов С		
Сагидолдин Б		
Акиев К		
Сейполданова Р		
Жетпісов С		
Жакиянова Ж		
Жумагулова Г		
Калибаева М		
Жакупова К		
Куюкова Н		
Садуакасова Г		
Ешеева Г		
Кенжебаева М		
Баласаева Б		

«Абай атындағы орта мектебі» КММ
7-9 сыныптарда тарих, география, биология пәндерінің оқытылу сапасын зерделеу

Мақсаты: Оқушылардың ББД сапасын бақылау

Пән мұғалімі	Пәні	Сыныбы
Баяхметов І	Қазақстан тарихы	7а,7б,8а,8б
Джанкенова М	География	7а,7б,8а,8б,9а,9б
Марданова Ж	Қазақстан тарихы	9а,9б
Куюкова Н	Биология	7б,8а
Жакупова К	Биология	7А,8б,9а,9б

Қазақстан тарихы бойынша 7а, 8б сыныптарына сабаққа қатысу барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы өте жоғары болды. Мұғалім сабақ жоспарына сәйкес мақсаттарға сай әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланды. Оқушылар оқулықпен, картамен жұмыс жасады. Топтқы, жұптық жұмыстар ұйымдастырылды. Пән мұғалімі Баяхметов І М

9а сыныбына Ж Марданова сабағына қатысу барысында оқушылармен белсенді әдіс-тәсілдер ұйымдастыра отырып, жаңа сабақты түсіндірді. Оқушылар тапсырманы қызығушылықпен орындады. 4 оқушы сабаққа енжар қатысты. АВС деңгейі бойынша тапсырмалар берілді.

7а,8а,9б сыныптары бойынша география пәніне сабаққа қатыстық. Мұғалім сабақ жоспарына сай сабақ өткізілді. Оқушылардың география пәніне деген қызығушылықтары жоғары. Тиімді әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Пән мұғалімі Джанкенова М

8 а сыныбында биология пәнінен сабақта оқушыларға тиімді әдіс тәсілдермен сабақ өткізу ұсынылды. Оқушыларға баяндау түрінде сабақтар жүргізілді.

Жалпы пәндер бойынша білім беру деңгейі жақсы. Мақсатқа сай тиімдіті әдіс-тәсілдер қолданылып, сабақтар жоғары деңгейде өтті. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынастары жоғары. Оқушылар берілген тапсырманы орындады. АВС деңгейлері ескеріліп, тапсырма ұсынылды.